

## **«Балалар өмірі мен денсаулығы, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі шаралары, нұсқауларын орындау».**

**Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өз денсаулығын қорғау азаматтың практикалық мүдделерінің маңызды қырларының бірі болып табылады. Күн сайын газет, радио және теледидар арқылы адамның өмірін үзген және зор материалдық шығындар әкелген кезекті авария, апат, табиғи апат туралы үрейлі жаңалықтар хабарланады. Адамды төтенше жағдайларға және адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайлардан шығу жолын табуға дайындау оның бойында адам мен қоғам тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі негіздері туралы білім жүйесін қалыптастыру және өмір мен денсаулықты қорғаудың практикалық дағдыларын үйрету негізінде мүмкін болады. Жыл сайын миллиондаған адам су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, өрттерден және басқа да табиғи апаттардан зардап шегеді. Жаһандық жылыну, қоршаған ортаның бүлінуі, экологиялық проблемалар апаттардың пайда болуын одан әрі күшейтеді. Табиғи апаттар кенет пайда болады және төтенше сипатқа ие. Олар ғимараттар мен құрылыстарды қиратады, құндылықтарды жояды, адамдардың өмірін қияды және жан-жануарларды қырады.**

**Қазіргі өмір жағдайында адамның тіршілік әрекетіндегі қауіпсіздік мәселесі – ең өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Әлемде болып жатқан оқиғалар адам өміріне деген техногендік және табиғи қауіп-қатерлердің көбейгендігін дәлелдейді тұтас бір**

**мемлекеттердің тұрақтылығы мен халықтың аман қалуы өсіп келе жатқан ұрпақтың қауіп-қатерлерді танып білуге және оларды алдын алуға деген дайындығына тікелей байланысты екенін көрсетеді.**

**Орын алатын жаһандық проблемаларға байланысты пайда болатын қауіп-қатерлер Қазақстанға да тән. Бірақ елдің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты олар кейбір өзгешеліктерімен орын алады. Қазақстан үшін жер сілкінісі, көшкін, сел, су тасқыны, күртік қар, боран мен аяз сияқты табиғи апаттар тән болып табылады. Мысалыға Алматы қаласын алатын болсақ, ол жер жер сілкінісіне өте қауіпті жер болып келеді. Алматыда аптасына 2-3 рет жер сілкінісі болып тұрады. Ал, қазір Солтүстікті алар болсақ ол жақтағы көптеген ауылдар су астында қалуы мүмкін. Себебі қыста қардың көп болуына байланысты және күн жылынып сол қарлардың еру нәтижесінде ол жерлерді су басу мүмкін. Осындай жағдайларда адам өміріне өте үлкен қауіп төнеді. Су тасқыны қауіпі төнген кезде дұрыс әрекет етуі керек. Тек қана су тасқыны кезде ғана емес, барлық төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру тиіс.**

**Мектепке дейінгі білім беру мекемелері осы міндетті жүзеге асырудың және табиғи апаттардың алдын алу мен оларға қарсылық көрсету бойынша тұрғындардың бойында тұрақты іс-әрекет мәдениетін тәрбиелеу сияқты мықты қоғамдық құндылықтарды қалыптастырудың тамаша жүйелерінің бірі ретінде белгіленеді. Сәби жарық дүниеге ұзақ әрі бақытты өмір сүру үшін келеді. Осылай болу керек, бірақ әрқашан бұлай бола бермейді. Қоршаған ортаны танып біле бастаған бүлдіршін өзінің денсаулығына, тіпті өміріне де, тура немесе жанама түрде қауіп төндіретін жағдайлармен**

**кездесуі мүмкін. Сондықтан ересектердің негізгі міндеті – балаларға қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін меңгерту.**

**Табиғи апаттар жағдайындағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын балаларға үйретіп меңгертуде және қауіпсіздік шаралары туралы маңызды ақпаратты таратуда мектепке дейінгі мекеменің рөлі шүбәсіз.**

**Табиғи және техногендік апаттар - әр адам қоршаған ортада орын алған қоиғалар мен жағдайларға байланысты әртүрлі әрекет етеді.Адамдардың көбі осындай жағдайларда сасқалақтайды,ал кейде өздерін бақытсыздыққа душар болғандай сезінеді.Басқалары өздерін байсалды ұстайды,өздерінің күшіне деген мұқалмас сенімділік пен және қоиғаның сәтті аяқталуына деген үмітпен батыл әрекет етеді. Әртүрлі жағдайда қалай әрекет етуді білетін және жалғыз ғана дұрыс шешімді қабылдай алатын адам ғана апатты сенімді қарсы ала алады.Мамандардың пікірі бойынша,адамның тіршілік әрекетіндегі қауіпсіздік саласында білім деңгейінің төмендігі табиғи апаттарда көп адамның опат болуының бір себебі болып табылады.Қоғамдық тәжірибе адамның білім деңгейі мен үлкен және кіші,қазіргі және бұрынғы апаттар арасында нақты, көбінесе қайғылы байланыс бар екенін пайымдауға негіз болады. Өйткені адамдар өздері меңгерген бағдарлар мен құндылықтарға сәйкес үйренгені бойынша әрекет етеді.**

**«Өмір сүреміз бе,жоқ па?» деген сұрақ кез келген минутта тууы мүмкін,қазіргі заманда күнделікті өмірдің түрлі жағдайларында, соның ішінде ең қолайсыз жағдайларда,тірі қалудың,табиғи және техногендік апаттар кезіндегі дұрыс іс-әрекеттердің, қысылтаяң жағдайлардағы іс-әрекеттерге ішкі даярлықтың арнайы білімдері,дағдылары мен іскерліктерін балаларға**

**меңгерту педагогтің негізгі міндеті болып табылады. Мамандардың пікірі бойынша, адамның тіршілік әрекетіндегі қауіпсіздік саласында білім деңгейінің төмендігі табиғи апаттарда көп адамның опат болуының бір себебі болып табылады. Қоғамдық тәжірибе адамның білім деңгейі мен үлкен және кіші, қазіргі және бұрынғы апаттар арасында нақты, көбінесе қайғылы байланыс бар екенін пайымдауға негіз болады. Өйткені адамдар өздері меңгерген бағдарлар мен құндылықтарға сәйкес үйренгені бойынша әрекет етеді.**

**Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыруда және өз өмірін қорғап, өзге адамдарға көмек көрсетуге дайын тұлғаны тәрбиелеуде мектепке дейінгі мекеме негізгі тетік болуға міндетті.**

**Апат – нәтижесінде төтенше қауіп орын алатын қиратушы құбылыс.**

**Аяз – адамдардың қатты тоңып мұздауына немесе үсінуіне әкелетін ауаның төмен температурасы, өте суық ауа райы.**

**Боран – жолдағы көру мүмкіндігін төмендететін және күртік қардың пайда болуына әкелетін қар аралас қатты жел.**

**Жер сілкінісі – көбінесе тектоникалық әрекеттің нәтижесінде орын алатын жер асты дүмпулері мен жер бетінің дірілі.**

**Көшкін – ауырлық күшінің ықпалымен таулар мен жыралар, теңіздер, көлдер мен өзендердің тік жағалауларымен таужыныстар және топырақтардың төмен қарай қозғалып сырғуы.**

**Өрт – заттың құндылықтарды жоятын және адамдардың өміріне қауіп-қатертуғызатын жанудың бақылауға алынбайтын үрдісі.**

**Табиғи апаттар тәуекелінің алдын алудың ең жақсы жолы – білімді тарату және өзі мен ұжымның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті өмірлік дағдыларды қалыптастыру арқылы адамның мінез-құлқын өзгерту.**

**Әр педагог табиғи апаттардың тәуекелін азайту проблемасы бойынша білімді меңгеруде және қысылтаяң жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйретуде мектепке дейінгі кезеңнің маңыздылығын түсінеді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың көпшілігі үшін балабақша уақыт өткізетін негізгі орын және олардың одан арғы мінез-құлқын анықтайтын орта болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі отбасы мен, әлеуметпен тығыз әрекеттестікте болғанда апат тәуекелін азайту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша тәрбие және білім беру кеңістігін ұлғайтудың бірегей мүмкіндігіне ие болады.**

**Тәрбиешімен бірге өткізілетін тәжірибелер мен эксперименттер, табиғи апаттарды жасанды үлгілеу балалардың танымдық белсенділігін арттырады, олардың пайда болу себептерін, қауіп-қатер деңгейін және болуы мүмкін қирауларды түсінуге, құтқару жолдарын табуға мүмкіндік береді.**

**Төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар кезіндегі қажетті қауіпсіз мінез-құлық ережелерін орындау адамнан айтарлықтай ерік күшін талап етеді, ал бұл эмоционалдық – еріктік өрісі толығымен қалыптаспаған мектеп жасына дейінгі бала үшін өте**

**қиын. Сондықтан балалармен жұмыс істегенде қиынды үйреншікті етіп, үйреншіктіні жеңіл әрі ұнамды ету керек деген өсиетті естен шығармау маңызды.**

**Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып апат тәуекелін азайту бойынша білім беру сабақтары жүйелі және кешенді түрде ұйымдастырылуы керек, балалардың бойында жағымды эмоциялық әсерді және психологиялық ыңғайлылықты сезінуді оятуы керек деген қорытынды жасауға болады.**

**Қолданылған әдебиеттер:**

- 1. Балабақша тәрбиеленушіліріне арналған «Қауіпсіздік сабақтары» курсының бағдарламасы.  
«Отбасы және балабақша» журналындағы  
Ж.О.Бакишеваның**
- 2.«Төтенше жағдай мәселесі» атты еңбегі.**

**БЕКІТЕМІН:**  
**«Мамина» мектепке**  
**дейінгі тәрбие мен білім беру**  
**орталығының меңгерушісі:**  
**Оспанова А.С.**



# Баяндама

Тәрбиеші: Нұр Б.Ә

2023-2024 оқу жылы